9.8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқы бар акционерлер тізімі Қоғам акцияларын ұстаушылардың осы жүйесінің негізінде Қоғам тіркеушісімен жасалады. Көрсетілген тізімді құрастыру күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгіленуі мүмкін емес.

9.9. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша халық қоныстанған жерде өткізіледі.

9.10. Акционерлер болатын жалпы жиналыстың өткізілуі туралы отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарлануы тиіс, сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – жиналыс өткізілу күніне дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарлануы тиіс.

9.11. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс немесе оларға жіберілуге тиіс. Егер акционерлер саны елуден аспаған жағдайда мәлімет акционерге жазбаша түрде хабарлама жіберу арқылы жіберілуі тиіс.

9.12. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама мына мазмұнда болуға тиіс:

1) Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері және толық атауы;

2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәлімет;

3) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушылардың тіркелу уақытының басталуы, сонымен қатар егер бірінші жиналыс болмай қалған жағдайда, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын қайта өткізу күні және уақыты;

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімін жасау күні;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарымен Қоғам акционерлерін таныстыру тәртібі.

9.13. Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Қоғам тіркеушісіне хабарласуға құқы бар.

Миноритарлық акционердің хабарласу тәртібі мен Қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпараттар тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушылардың жүйесін жүргізу бойынша шартпен белгіленеді.

9.14. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті жариялануға жататын басқа да ақпараттар жариялануы мүмкін бұқаралық ақпарат құрал болып республикалық «Казахстанская правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» газеттері, не Қоғамның WEB-сайты - www.kmc.kz. табылады.

9.15. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен құрастырылады және талқылауға түсетін анық құрастырылған мәселелер тізімінен тұруға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі егер Қоғам акционерлері жалпы жиналыс өту күніне дейін он бес күн бұрын осындай толықтырулар туралы хабарланған болса, немесе олардың енгізілуі үшін акционерлердің жалпы жалпы жиналысына қатысқан акционерлердің көпшілігі (немесе олардың өкілдері) дауыс берген болса және қоғам акцияларының дауыс берушілері тоқсан бес пайыздан кем болмаған кезде толықтырылуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының ашылуы кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша олардың ұсыныстар алғаны туралы хабарлауға міндетті.

9.16. Акционерлердің жалпы жиналысының Күн тәртібіне сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімін қабылдау кезінде өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу мүмкін емес.

9.17. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға құқы жоқ. Күн тәртібінде кең ұғымда қолданылатын «әр түрлі», «өзге», «басқа» және осыған ұқсас сөздерді қолдануға тыйым салынады.

9.18. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жиналыстың өту күніне дейін он күннен кешіктірілмей акционерлер танысу үшін Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша дайын және қол жетерлік болуға тиіс, ал акционер сұранысы бойынша – сұраныс алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберу; құжаттар көшірмелерін дайындау мен құжаттарды жеткізу шығындарын акционер көтереді.

Акционер байланыстың электрондық құралдары, сонымен қатар Интернет желісі арқылы акционерлердің жалпы жиналысына дайындық шеңберінде ұсынылуға тиісті ақпараттарды алуға құқы бар.

9.19. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам акцияларына дауыс берушілердің елу және одан жоғары пайызына ие, оған қатысуға және дауыс беруге құқы бар акционерлер тізіміне енген тіркелген акционерлер немесе олардың өкілдері егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталар сәтінде күн тәртібінің мәселелері бойынша қарауға және шешім қабылдауға құқы бар.

9.20. Егер акционерлер саны жүз немесе одан жоғары болса, Санақ комиссиясы сайланады. Санақ комиссиясы үш адамнан кем болмауға тиіс. Санақ комиссиясына алқалық органдар мүшелері мен Қоғамның лауазымдық тұлғалары кіре алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының өту уақытында санақ комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда жиналыстың өту уақытында санақ комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат беріледі.

9.21. Санақ комиссиясы:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттігін тексереді;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар береді;
- 3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетендердің жарамдылығын және күн тәртібінің әрбір мәселелері бойынша көрсетілген дауыстарды анықтайды;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтайды және жалпы жиналыстың өту барысында кворумның бары немесе жоғы туралы хабарлайды;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысында акционер құқығының жүзеге асу мәселелерін түсіндіреді;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысына қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс беру қорытындысын дайындайды;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасайды;
- 8) Қоғам мұрағатына дауыс беруге арналған бюллетендерді және дауыс беру қорытындысы туралы хаттамаларды береді.

Акционерлер саны жүзден кем болған жағдайда, санақ комиссиясының қызметін акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы атқарады.

Санақ комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беруге арналған бюллетендердегі ақпараттар құпиялығын қамтамасыз етеді.

9.22. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру төмендегі жағдайларды қоспағанда «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша іске асады:

- 1) Қазақстан Республикасы заң актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылған акциялар бойынша дауыстардың ең жоғарғы санын шектеу;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысындағы рәсімдік мәселелер бойынша бір дауыстан беру.

9.23. Осы Жарғымен тікелей реттелмейтін Акционерлердің жалпы жиналысының басқа да мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен реттеледі.

10. Директорлар Кеңесі

10.1. Заң мен осы Жарғыға қатысты акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметінің жалпы басшылығын Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

10.2. Қоғамның Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Орналастыру (сату) туралы, сонымен қатар жарияланған акциялар саны шеңберінде орналастырылған (сатылған) акциялардың саны туралы, орналастыру (сату) тәсілдері мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;

6) Қоғамның, оның ішінде орталық аппараттың, оның филиалдарының, Қоғам өкілдіктерінің жалпы штат санын бекіту;

7) Қоғамның облигациялары және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;

8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық (жеке) айлықтарының мөлшері, еңбекке ақы төлеу шарттары мен сыйлықақысын анықтау;

10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне төленетін еңбекақы және сыйлықақы мөлшері мен талаптарын анықтау;

11) Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс есептерін бекіту;

12) тағайындау, корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мезгілінен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын анықтау;

13) Аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге, сонымен қатар ірі мәміле нысаны немесе Қоғам акцияларын төлеуге берілген мүліктің нарық құнын бағалау бойынша бағалаушы ақысын төлеу мөлшерін анықтау;

14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде аукцион өткізу шарттары мен тәртібі және Қоғамның бағалы қағаздарын тіркеуді белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) басқа заңды тұлғалардан он және одан да астам пайыз акцияларын (жарғы капиталындағы үлеске қатысу) Қоғаммен сатып алу туралы шешімдерді қабылдау;

17) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да астам пайызын құрайтын шамаға Қоғам міндеттемелерін көбейту;

19) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

20) қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпия болып табылатын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

21) ірі мәмілелерді және бекітілуіне Қоғам мүдделі болып отырған мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы Ережені, ішкі аудит стандарттары, ішкі аудит қызметін реттейтін басқа құжаттар мен есептілік нысандарын бекіту;

23) Қоғамның бухгалтерлік есеп саясатын анықтау;

24) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын және олардың орындалғаны туралы есептерді бекіту;

25) Қоғамның спрэд мәнінің өзгерістері туралы шешім қабылдау;

26) Заңмен және осы Жарғыда қарастырылған, Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының айрықша құзырына жатпайтын басқа да мәселелер.

Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мәжіліске қатысу шартымен шешімі Директорлар кеңесі мүшелерімен бір ауыздан

қабылданған, Басқарма Төрағасының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселесін қоспағанда, отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауыс беруімен қабылданады.

Қоғамның Директорлар Кеңесінің айрықша құзырлығына жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасының шешуіне берілмейді.

Қоғамның Директорлар Кеңесі осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының айрықша құзырлығына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

10.3. Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды мәселелерін қарау және ұсынымдарын дайындау үшін Қоғамда:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) қоғамның ішкі құжатында көзделген өзге мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін, Директорлар кеңесі комитеттері туралы ішкі құжаттармен белгіленеді.

10.4. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны бесеуден кем болмау керек, дауыс бергенде олардың әрқайсысы бір дауысқа ие.

10.5. Мынадай тұлға директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

- жоғары білімі жоқ;
- өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіппен кешірілмеген сотталғандығы бар;
- бұрын банкрот деп танылған немесе осы тұлғаның басшылығы кезінде консервацияға, санацияға, ырықсыз жоюға ұшыраған заңды тұлғаның банкроттық, бұзылудан сақтау, санация, ырықсыз жою туралы шешім қабылданғаннан күннен кейін бес жыл бойы басшы қызметкер болғанда.

Көрсетілген тізім Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша толықтырылуы мүмкін.

10.6. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелері төмендегілердің қатарынан сайланады:

- акционерлер – жеке тұлғалар;
- Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;
- басқа тұлғалар (осы тармақта белгіленген шектеулерді ескере отырып) сайланады.

Қоғамның акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы керек.

10.7. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

10.8. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс

беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

10.9. Басқарма мүшелерін, Төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесіне сайлауға болмайды. Басқарма Төрағасын Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайлауға болмайды.

10.10. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғаларды шектеусіз бірнеше рет сайлауға болады. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлап жатқан акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады.

10.11. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекеленген мүшелерінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

10.12. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне берілген өкілеттік тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі өтуімен бір мезгілде аяқталады.

10.13. Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау мен қайта сайлау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің барлығы отырысқа қатысқан кезде ғана Директорлар кеңесі мүшелерімен бірауыздан қабылданады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

10.14. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғымен белгіленген өзге қызметтерді жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

10.15. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талапшен, атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

10.16. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма отырысты шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

10.17. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

10.18. Директорлар кеңесі отырсын өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібі Директорлар кеңесімен анықталады. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Басқарманы алдын-ала хабардар етуі тиіс.

10.19. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

10.20. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.21. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау мүмкіндігі көзделуі мүмкін. Осындай шешімдерді қабылдау тәртібі осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

10.22. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен тұлға мен директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Қоғам мұрағатында сақталады.

10.23. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесінің отырысының хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімді ұсынуы тиіс, танысып шығу үшін және (немесе) Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен куәландырылған және Қоғамның мөрі басылған хаттама мен шешімнен үзінді беруі тиіс.

10.24. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің шақыруға құқығы бар тұлғалардың бастамашылығы бойынша жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді жүргізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (сырттай дауыс беруді жүргізуден бас тартқан жағдайда – Қоғам Басқармасына) жазбаша түрде ұсынылады және онда дауыс беруге қойылатын нақты және дұрыс қойылған сұрақ (сұрақтар) болуы тиіс.

10.25. Сырттай дауыс беру жүргізілген кезде дауыс беруді жүргізу туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей бір үлгідегі дауыс беру бюллетеньдері мен дауыс беруге қойылған сұрақтың (сұрақтардың) материалдары Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі (таратылады).

Бюллетеньде төмендегілер көрсетілуі тиіс:

- 1) Қоғамның толық аты;
- 2) отырысты өткізудің бастаушысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беру бюллетеньдерін ұсынудың соңғы күні;
- 4) дауыс беруге қойылатын нақты және дұрыс қойылған сұрақ (сұрақтар);
- 5) "ие", "жоқ", "қалыс қалдым" сөздерімен көрсетілген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетенді толтыру тәртібін түсіндіру.

Директорлар кеңесінің сырттай шешімі алынған бюллетеннің белгіленген мерзіміндегі кворумының болуы кезінде қабылданған деп есептеледі.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде Директорлар кеңесі Төрағасы мен хатшысының қолы қойылып жазбаша түрде ресімделеді. Шешімді ресімдеу датасынан бастап жиырма күн ішінде ол осы шешімді қабылдау негізінде бюллетендерді ұсынумен Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберілуге тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелері өздерінің міндеттерін атқару үшін қажетті ақпараттарды Қоғамның атқарушы органдары мен Қоғамның құрылымдық бөлімше басшыларынан алуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшелері Қоғамның бағалы қағаздарымен немесе оның аффилирленген тұлғаларымен мәміле жасау ниеті болса, ол туралы Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау керек.

Директорлар кеңесі мүшесіне Қоғам мүддесімен дау тудыратын немесе тудыруы мүмкін қызметтерді жүзеге асыруға тыйым салынады, сондай-ақ Қоғам қызметімен бәсекелес ұйымдарда басшылық қызмет атқаруға рұқсат берілмейді.

11. Басқарма

11.1. Қоғамның Басқармасы Қоғамның ағымдағы әрекетіне басшылық жүргізетін Қоғамның атқарушы органы болып табылады.

11.2. Қоғамның Басқармасы Заңнамамен, Қазақстан Республикасының басқа заңнама актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыреттіне ендірілмеген Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқығы бар. Қоғамның Басқармасы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауы тиіс.

11.3. Қоғам Басқармасының құрамы кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады, соның ішінде: Қоғамның Директорлар Кеңесі сайлайтын Басқарма Төрағасы, оның орынбасар(лар) және (немесе) Басқарманың басқа да мүшелері. Қоғамның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын, Қоғамның қызметкерлері Қоғам Басқармасының мүшелері бола алады.

11.4. Басқарма Төрағасы атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

11.5. Қоғамның Басқармасының сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

11.6. Қоғам Басқармасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен, сондай-ақ олардың әрқайсысының Қоғаммен бекітетін еңбек шартымен анықталады. Басқарма Төрағасының еңбек шартына Қоғамның атынан Қоғамның Директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе Қоғамның Директорлар Кеңесі уәкілеттеген тұлға қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерінің еңбек шартына Қоғам Басқармасының Төрағасы қол қояды.

11.7. Қоғамның және Қоғам Басқармасының мүшелерінің арасындағы қатынастарға еңбек туралы заңнама Заң ережелерімен реттелмеген бөлігіне қатысты қолданылады.

11.8. Қоғамның Директорлар Кеңесі Басқарма Төрағасы өзінің өкілеттіктерін тоқтатқан жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар Кеңесінің бастамасы бойынша оның еңбек шартын бұзуға құқылы.

11.9. Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғам Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқығы бар.

11.10. Қазақстан Республикасының заң актілері және осы Жарғы акционерлердің жалпы жиналысының, Қоғамның Директорлар Кеңесі мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдау Қоғам Басқармасының құзыретіне жатады, соның ішінде:

- 1) Қоғамның күнделікті әрекетіне басшылық жүргізу, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 2) Қоғам қызметінің басым бағыттары, қаржы-шаруашылық қызметінің орташа мерзімді жоспарлары туралы Қоғамның Директорлар Кеңесі қарауына енгізу;
- 3) Қоғам қызметін ұйымдастырумен байланысты Қоғам бөлімшелерінің өзара тәртібін реттейтін, сондай-ақ олардың құзыреттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы арқылы бекітілуін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы және (немесе) Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағандағы, ішкі құжаттарды қабылдау;
- 4) жылдық қаржы есебін дайындау;
- 5) Қоғамның, соның ішінде орталық аппараттың, оның филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымы мен жалпы штаттық санын бекіту;
- 6) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің, сондай-ақ ішкі аудит қызметі қызметкерлері айлықтарының мөлшерін, еңбекақысы мен сыйақысын төлеу шарттарын анықтауды қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін анықтау, лауазымдық айлықақыларының, айлықақыларына дербес үстемеақы, бонус, басқа да төлемдердің мөлшерін белгілеу, сыйлықақы беру, рухани және материалды ынталандыру, Қоғам ұжымының өндірістік және әлеуметтік даму мәселелерін шешу.
- 7) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларын және орындалғандығы туралы есептерді әзірлеу;
- 8) жұмыс күні мен жұмыс аптасының ұзақтығын, Қоғам қызметкерлеріне берілетін төленетін жылдық және басқа да демалыстардың ұзақтығын және берілу тәртібін анықтау;
- 9) Қоғамның бухгалтерлік есеп-қисап саясатын қарастыру, қабылдау және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына ұсыну;
- 10) қаржы-шаруашылық қызметі жоспарындағы бекітілген сомалар шеңберінде Қоғамның бюджетін бекіту;
- 11) Қоғамның несиелік комитетін құру (қалыптастыру) туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғамның несиелік комитеті туралы Ережені бекіту;
- 13) ай сайынғы баға белгілеу мөлшерлемесін белгілеу;
- 14) Қоғамның спрэд мәнінің өзгеруі туралы алдын ала шешім қабылдау;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің айрықша құзыреттілігіне жатқызылмаған басқа да қызметтерді орындау.

11.11. Қоғам, егер мәмілені бекіту сәтінде тараптардың Қоғам белгілеген шектеулердің болғанын білгендігін дәлелдей алса, Басқарманың осындай шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелердің жарамдығын даулауға құқылы.

11.12. Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесіне ай сайынғы өзінің қызметтері туралы жазбаша есебін беруге міндетті. Есеп беру нысаны Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілуі мүмкін.

11.13. Мынадай тұлғалар Басқарма мүшелеріне сайлана алмайды:

- жоғары білімі жоқ болса;
- өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіппен кешірілмеген сотталғандығы бар болса;
- бұрын банкрот деп танылған немесе осы тұлғаның басшылығы кезінде консервацияға, санацияға, ырықсыз жоюға ұшыраған заңды тұлға басшы қызметкер болғанда.

11.14. Қоғам Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесімен сайлайды.

Қоғамның Басқарма Төрағасы:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамды көрсету құқығына сенімхат, сонымен бірге Қоғаммен жасалатын шарттарға және Қоғам қызметкерлеріне және үшінші тұлғаларға берілетін сенімхаттарға қол қою құқығына сенімхат береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда) жұмысқа қабылдайды, басқа қызметке ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға мадақтау шараларын және тәртіп жаза қолданады, еңбекті материалды ынталандыру мақсатымен Қоғам қызметкерлерінің, Қоғам Басқармасының құрамына кіретін мүшелердің, және Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, айлықтарына үстеме ақы, бонус, сыйлықақыларының және басқа да төлемдердің мөлшерін анықтау;

5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Қоғам Басқармасының бір мүшесіне тапсырады;

6) Қоғам Басқармасының мүшелеріне міндеттерін, сондай-ақ өкілеттік және жауапкершілік салаларын бөліп береді;

7) Қоғамның ішкі аудит қызметкерлері мен Басқарма мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен лауазымдық жалақы мөлшері есебімен, Қоғамның, соның ішінде орталық аппараттың, оның филиалдарының, Қоғам өкілдіктерінің штат кестесін бекітеді;

8) жемқорлықпен күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін жауап береді;

9) Қоғам Жарғысы және Акционерлердің жалпы жиналысымен, Директорлар кеңесімен анықталған басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

11.15. Басқарма Төрағасының орынбасарлары Басқарма мүшесі болып келеді. Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасының орынбасарларын қызметке сайлайды және қызметтен босатады. Басқарма Төрағасының орынбасарлары қызметтік нұсқаулар мен Басқарма Төрағасының бұйрықтарына сәйкес өздерінің құзыретіне кіретін сұрақтар бойынша Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқылы.

11.16. Басқарма Төрағасы жоқ болған жағдайда Басқарма Төрағасының орынбасары Басқарма Төрағасының бұйрығының немесе Басқарма шешімінің негізінде оның орнын басады.

11.17. Басқарма мүшелері өзіне тиесілі Қоғамның бағалы қағаздарымен немесе оның аффилирленген тұлғаларымен мәміле жасау ниеті болса, ол туралы Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау керек.

11.18. Басқарма мүшесіне Қоғам мүддесімен дау тудыратын немесе тудыруы мүмкін қызметтерді жүзеге асыруға тыйым салынады, сондай-ақ Қоғам қызметімен бәсекелес ұйымдарда басшылық қызмет атқаруға рұқсат берілмейді.

12. Ішкі аудит қызметі

12.1. Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша құрамы үш қызметкерден кем болмайтын Ішкі аудит қызметі құрылады.

12.2. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге сәйкес Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен атқарушы орган әрекеттері мен операцияларына, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін орган болып табылады.

12.3. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өзінің жұмысы туралы оның алдында есеп береді, Қоғамның басшылығы мен құрылымдық бөлімше басшыларына еркін және тәуелсіз қол жеткізеді.

12.4. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша қорытындылар дайындайды.

12.5. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібі, штат саны, сыйлықақы төлеу және еңбекақы төлеу шарттары мен мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген, Ішкі аудит қызметі туралы Ережемен анықталады.

12.6. Ішкі аудит қызметін басшы басқарады. Ішкі аудит қызметінің бастығы мен қызметкерлері өз қызметтерін Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының олармен жасаған еңбек шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

12.7. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

13. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің принциптері

13.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс, әрі оны Қоғам Жарғысына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға тиіс.

14. Ерекше талаптармен мәмілелер жасау

14.1. Қоғаммен жасалатын ірі мәмілелерге:

1) нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын

(сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

2) нәтижесінде Қоғам өзінің орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде олардың сатылып алынған бағалы қағаздары сатылуы ықтимал мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы жатады.

14.2. Ірі мәмілелер жасау туралы шешімдер Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданады.

14.3. Қоғам ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау үшін тиісті лицензиясы бар, тәуелсіз бағалаушыны шақыруға міндетті.

14.4. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары, егер олар:

1) мәміле жасаушы тарап болса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса;
2) мәміле жасаушы тарап болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары болса, Қоғамның мәміле жасасуына мүдделі тұлғалары (әрі қарай - мүдделі тұлғалар) деп танылады.

14.5. Мүдделі тұлғалар:

1) олардың мәміле тараптары екендігі немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;

2) өздерімен аффилиирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дербес немесе өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп, дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) он және одан да көп пайызын иеленетін заңды тұлғалар туралы және органдарында өздері қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;

3) өздері мүдделі тұлғалар болып танылуы мүмкін, өздеріне белгілі жасалған немесе ықтимал мәмілелер туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті.

14.6. Мүдделілік болуына орай Қоғамның мәмілені жасасуы туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

14.7. Мүдделілік болуына орай Қоғамның мәмілені жасасуы туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылған;

2) шешім қабылдауға қажетті дауыстар саны болмауына орай, Директорлар кеңесінің мұндай мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің жай көпшілік даусымен қабылдайды.

14.8. Мүдделілік болуына орай Қоғамның мәмілені жасасуы туралы шешім, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мен жай акцияларды иеленетін барлық акционерлер мүдделі адамдар болып табылған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

14.9. Ірі мәмілені және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені жасасу кезінде осы жарғыда көзделген талаптарды сақтамау мүдделі тұлғалардың талап-арызы бойынша сот тәртібімен бұл мәмілелерді жарамсыз деп тануға әкеп соғады.

14.10. Мәміле жасасудың осы Жарғыда көзделген тәртібіне қойылатын талаптарын бұза отырып қоғаммен мәміле жасалуына мүдделі тұлға қоғам алдында өзінің Қоғамға келтірген залалы мөлшерінде Қоғам алдында жауап береді. Мәмілені бірнеше тұлға жасаған жағдайда олардың қоғам алдындағы жауапкершілігі ортақ болады.

14.11. Осы Жарғымен келесі анықтамалар белгіленеді: инсайдер – Қоғамның немесе оның аффилиирленген тұлғасының акцияларын иеленуіне, Қоғамның немесе оның

аффилиирленген тұлғасының басқару органдарына мүше болуына, Қоғаммен немесе оның аффилиирленген тұлғасымен еңбек шартын немесе азаматтық-құқықтық шартын жасауына, оған мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы ретінде берілген өкілеттіктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға; «инсайдерлік ақпарат» - Қоғамның бағалы қағаздары және олармен жасалған мәмілелер туралы кез келген ақпарат, сондай-ақ базальқ активтері осы бағалы қағаздар болып саналатын Қоғам және ол жүзеге асыратын қызмет туралы үшінші тұлғаларға белгісіз, жария етілуі негізгі активтері осы бағалы қағаздар болып табылатын осы бағалы қағаздардың немесе туынды бағалы қағаздардың рыноктағы бағасына елеулі түрде әсер етуі мүмкін құпияны құрайтын басқа ақпарат.

14.12. Инсайдерлер, сондай-ақ олардың аффилиирленген тұлғаларының:

1) инсайдерлік ақпаратты пайдалану арқылы өз мүдделерінде немесе үшінші тұлғалардың мүдделерінде бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты немесе оған негізделген ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қол жетерліктей жасауға;

3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу туралы ұсынымдар беруге құқығы жоқ.

14.13. Инсайдерлік ақпаратты пайдалану арқылы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер Қоғамның уәкілеттік органдары және акционердің талабы бойынша сотпен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

15. Қоғамның ақпараттарды ашуы, Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ашу

15.1. Қоғам Заң мен осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің мүддесін қозғайтын өзінің қызметі туралы ақпараттардан өз акционерлеріне мәлімет береді.

15.2. Қоғам акционерінің талабы бойынша заңмен қарастырылған құжаттар көшірмелерін акционерге беруге міндетті.

15.3. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның Корпоративтік хатшысына жазбаша және ауызша түрде өтініш жасауы мүмкін. Акционердің жазбаша өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналына тіркелуі тиіс. Акционер талап еткен ақпаратты (талап еткен құжаттар көшірмелерін) өтініш жасаған күннен бастап Қоғам он күнтізбелік күн ішінде ұсынуға міндетті, Акционер ақпараттарды электрондық байланыс құралдары, оның ішінде Интернет желісі арқылы алуға құқығы бар.

15.4. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпия ақпараттар болып табылмайды.

Қоғам аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті.

Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін белгіленген тәртіпте уәкілеттік органға ұсынуға міндетті.

Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалары өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті аффилиирлену басталған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға ұсынуға міндетті. Аффилиирленген тұлғалар туралы мәлімет Қоғаммен белгіленген нысан бойынша ұсынылуы тиіс.

15.5. Төменде көрсетілген ақпараттар Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпараттар болып есептеледі:

1) Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдерді орындау туралы ақпараттар;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есептерін бекітуі, уәкілеттік органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы;

4) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын мөлшерде қарыз алуы;

5) қызметінің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Қоғамның лицензиялар алуы, қызметінің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған лизенциялары коданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

6) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

7) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

8) Нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің бес және одан көп пайызы болатын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлар туындаған кезде;

9) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылуы;

10) Қоғамды мәжбүрлеп қайта құру туралы шешімдер;

11) белгілі бір кезеңге Қоғам қызметінің қаржы-шаруашылық жоспарлары;

12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

13) Қоғамның ішкі құжаттары немесе жарғыға сәйкес, оның акционерлерінің мүддесіне қатысты өзге де ақпараттар.

16. Қоғам қызметінің тоқтауы

16.1. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастыратын өзге де негіздемелер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

16.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасы Заңымен және басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.


17. Қорытынды ереже

17.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық басқа мәселелер бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын басшылыққа алады.

17.2. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде құрастырылған, Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап өз күшіне енеді.

Акционерлердің жалпы жиналысымен уәкілеттелген тұлға:

**«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы»
Ипотекалық Ұйымы» АҚ Басқарма Төрағасы
Ибадуллаев Азамат Абдул-Амитович**


**СМОТРИ
НА СБОРОТЕ** 22

20 ДЕК 2009 2009 г., Я, Габдулина Ю.Р.
 нотариус города Алматы, действующий на основании гос. лицензии
 № 0001750 от 09.01.2004 г., выданной МЮ РК,
 свидетельствую подлинность подписи гр. Шаруна
 которая сделана в моем присутствии. Личность, подписавшего
 документ установлена, дееспособность проверена.
 Зарегистрировано в реестре за № 1-4345
 Сумма оплаченная нотариусу 4018 тенге
 Нотариус *

*до Акмата Асгар-Алиева,
 старшего правления,
 с/о немаломе не проверен
 Принадлежность Ю. Гагаева
 и т.д. + Касымов. Проверен.*



дело 2

20 01 2009

Нотариус

Присмерк с/т/т
 на 11/00/00/2009

Лицензия № 0001750 от 09.01.2004 г. МЮ РК

ЮРИДИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ